

Jetisýý ýniversiteti

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI

АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



СӘУІР АЙЫ – ФЫЛЫМ АЙЫ

СӘУІР АЙЫНДА
ЕЛ БОЛЫП ФЫЛЫМ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
КҮНІН АТАП ӨТТИК.
КҮНТІЗБЕДЕГІ БҮЛ
ДАТА КЕЗДЕЙСОҚ
ТАНДАЛМАҒАН. 12 СӘУІР
– ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯ-
СЫНЫң ТҮҢФЫШ
ПРЕЗИДЕНТІ, ҚӨРНЕКТІ
ФАЛЫМ-ГЕОЛОГ ҚАНЫШ
СӘТБАЕВТЫң ДУНИЕГЕ
КЕЛГЕН КҮНІ.

Халықаралық фылыми-практикалық онлайн-конференция материалдарының жинағында жарияланбақ.

Конференцияның негізгі мақсаты: жас манадар мен студенттердің фылыми жұмысқа тарту, шығармашылық өлеуетін дамыту.

Пленарлық отырысқа еліміздің жетекші университеттерінен жас ғалымдар қатысып, баяндама жасады. Алғаш болып сөз тізгіндеген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Биомедицина фылыми-зерттеу орталығының директоры, PhD Әлібек Үйдірысұлы Қазақстанның фылыми-зерттеу нәтижелерін, сандық және сапалық есүін жіктең көрсетті.

Семей қаласындағы Элихан Бекейхан университеттінің доцент м.а., PhD Бибігул Оспанова «ҚР ЖКО-дағы инклюзивті білім беру мәселелері» тақырыбын қаузады.

Сондай-ақ, колledge студенттерінің көсіби құзыреттілігін қалыптастыру, StartUp жобаларын дамыту, биология сабабын case-study технологиясымен оқытудың тиімділігі, Жаңартылған білім беру жүйесінің басты сипаты және бағыты бойынша баяндама жасалып, талқыланды.

Фылым айы аясында Жаратылыштану жогары мектебі, Техникалық фылымдар жогары мектебі, Жетісу облысы физикалық қоғамның үйімдастыруымен «Заманауи

физиканың өзекті мәселелері» тақырыбында форсайт-конференция өтті.

Мектеп, колledge және жогары оқу орнында физика пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында өткізілген бұл іс-шараға жас ғалымдар, PhD докторанттар мен Жетісу облысының физика пәні мұғалімдері қатысты.

Кездесу барысында тьюторлар заманауи жағдайда кадрларды даярлау мәселелерін көтеріп, фылымның соңғы жетістіктерінің негізгі бағыттарын, физиканың өзекті тақырыптары бойынша жасалған зерттеулерді талқылады.

«Бүгінгі беймәлім фарыш», «Жаңа заманға – жаңа маман», «Мектептегі физика курсы бағдарламасының ерекшеліктері», «Педагогикалық процесте робототехниканы қолдану» сынды баяндамалар оқылып, көпшілікке білім жүйесіндегі ауқымды өзгерістер жайлы тың ақпараттар ұсынылды.

Шарда соңында конференция қатысушыларына тәжірибесімен бөлісіп, көсіби шеберлігін танытқаны үшін сертификат табысталды.

Фылым айында «Студенттік фылым: 2022 жылдың қорытындылары» атты дәңгелек үстел өтті.

Дәңгелек үстелдің спикерлері фылым сала-

сында инновация мән оң өзгерістер туралы өз ойларын ортаға салды. Жаратылыштану жогары мектебі деканының фылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, магистр Эйгерім Абдулаева Қазақстандағы фылымды дамытудың өзекті мәселелеріне тоқталды.

Шарада фылыми жұмыс жөніндегі проректор Алефтина Бақтаулова университеттің фылыми жетістіктерін атап өтті.

Ол өз сезінде өткен жылы білім орда-сында Жаратылыштану бағыты бойынша постдокторантурасы ашылғандығын, фылыми зерттеулердің қолдау мақсатында биыл 4 халықаралық фылыми-практикалық конференция үйімдастырылғанын жеткізді.

Конференция нәтижесінде 30-дан астам фылыми мақала жарық көріп, «Scopus» және «Web of Science» халықаралық мәліметтер базасына енген.

Сондай-ақ, проректор «Горизонт» бағдарламасы бойынша Еуропалық Одақтың қолдауымен 2 халықаралық жоба орындалып жатқанын айтты.

«Фылым айында» университет фылымын дамытуға қосқан үлестері үшін жогары мектеп декандары, студенттер мән жетекшілері Фылым және жогары білім министрлігінің, университет ректорының Құрмет грамматасымен марапатталды.



ЖУ-ДА ЖАҢА
МАМАНДЫҚ АШЫЛАДЫ

2 бет

Мерімле
қүйдің аласы

4 бет

Әлияе поэзиясындағы
мәлдір арина

6 бет

В ЗДОРОВОМ ТЕЛЕ-
ЗДОРОВЫЙ ДУХ

8 стр.



ЖУ-ДА ЖАҢА МАМАНДЫҚ АШЫЛАДЫ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісү университетті Талдықорған акционерлік электрорежүелерінің тасымалдау компаниясымен меморандумға қол қойды.

Басқарма терағасы Серік Демидовтың айтуынша «ТАТЭК» АҚ Жетісү облысында электр энергиясын беруді және бөлуді жүзеге асыратын бірден-бір өнірлік электржелілік компания. Оның құрылымында 11 РЭҚ бар. Алайда өнірімізде радиотехник, инженер-электрик маманы тапшы.

Сондықтан, аймақтық ЖОО-мен бірігіп, мәселені тиімді шешудің жолын қарастыруды. Осы орайда, кәсіпорын басшысы «ТАТЭК» оқу полигонында практикалық сабактар өткізуге болатынын айтып, кадр даярлау ісінде нәтижелі жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

Жында Жетісү университеттің Басқарма

терағасы – Ректор Қуат Баймырзаев жаңа оқу жылынан бастап Техникалық ғылымдар жогары мектебінде «Радиотехника» және «Инженер-электрик» мамандықтары ашылатынын айтты.

Сондай-ақ, ректор екі жақты меморандум барысында жыл сайын өнірімізде сұранысқа ие техникалық сала бойынша жаңа мамандықтар ашылып отыратынын жеткізді.

Ал маман даярлау үшін Түрк елінің Хаджеттепе университетінің қазақстандық филиалы құрылып, білікті оқытушыларды дәріс бермек. Лицензия берілгеннен кейін, жаңа мамандық бойынша облыс әкімінің арнайы гранты да бөлінетін болады. Оқу тілі ағылшын тілінде болғандықтан студенттер жогары курста білімдерін түрк елінде жалғастыра алады.

ЖУ ТЕАТРЫ ЖЕҢІМПАЗ!

Театр майталманы Бикен Римованың 100 жылдығына орай «Бикен Римова – Қазақ салнасының санлағы» атты облыстық байқау-фестивалі өткен болатын. Жетісү облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық халық шығармашылығы орталығының үйімдастырылуымен өткен фестивальде облыстағы халықтық атағы бар және жаңадан құрылған 12 театр бақ сыйнады.

Мүсіреповше айтсақ, хас сұлудың көз жасында мөлдір өнер өлкесіне «халық», «құыршақ», «жастар», «аудан өнерпаздарынан құрылған» театрлар сайысқа түсіп, өз реpertуарларынан бір қойылым көрсетті.

Байқауға Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Серік Нұрхалық бастаған – бекзат ендерді біркік көтіріп жүрген көсіби мамандар қазылық етті.

Бикен Римованың есімін ұлғықтап, рухына тағзым ету мақсатында үйімдастырылған өнер бейнесінде Жетісү университеттің жанынан құрылған «Жетісү музикалық Жастар»



театры оза шауып бас жүлдені қанжығалады. Қойылым режиссері Асхат Мадиевтың айтуынша, ол Александр Володинның «Кездесу мен қоштасу» пьесасын кездейсоқ таңдамаған. Бұл пьесса қазіргі қоғамның басты проблемасы отау құру және сол жас отауды сақтап қала алмау, яғни кездесіп жарасым табуынан ажырасып шешім табуы тез қоғам жайлай мәселені көтереді.

«Пьессаның жанры драма бағыты болса да, барынша түрлендіріп музикалық сүйемелдеумен әдемі мюзикл жасап шықтым. Театр – ұжымдық өнер. Онда бір емес бірнеше адамның енбегі бар. Жетісү музикалық жастар театрының құрамы студенттер мен I. Жансүгіров атындағы Жетісү университеттің бітірген түлектерден құралған. Театрның енді құрылып жатса да қоржынымыз тольып, жаңа басқан қадамызын халық көnlінен шығып жатыр. Қәсіби шеберлігі мен өмірлік тәжірибесі аз болса да жалындан тұрған шәкірттерім ездерінің осал еместігін дәлелдей алды», – дейді жас режиссер.

РУХАНИ ЖАҢЫРУ

БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«БОЛАШАҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢЫРУ» АТТЫ БАҒДАРЛАМАЛАҮК ҚҰЖАТТАҒЫ ТАРАМДАЛЫП ЖІКТЕЛГЕН ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРДІҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ Да ЕЛМІЗ ҮШИН АСА МАҢЫЗДЫ. АЛАЙДА БІЛІМ-ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ӘКІЛ БОЛҒАНДЫҚТАН БІЗГЕ ЕҢ АЛДЫМЕН ОСЫ МАҚАЛАДАҒЫ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛГАН «БІЛІМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ» АТТЫ АРНАЙЫ БӨЛІМІНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ.

Мұнда білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға үмтүлу халқымыздың қанында бар иғі қасиет екені айтылған. «Болашақа бағдарламасына сәйкес мындаған жаңа старды әлемнің маңайдалды жоғары оқу орындарында оқытып даярлаганымызды, елімізде халықаралық деңгейдегі бірқатар университеттер ашылғанын, жалпы орта білім беретін зияткерлік мектептер жүйесін қылжастырылғанымыз көрсетілген.

Осы ретте «Рухани жаңыру» бағдарламасынан келіп туындаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» қазіргі таңдағы жоғары білім алушын қолжетімділігі мен ондағы білім саласын арттыру, ЖОО-ны басқару заңнамага, ЖОО жарғысына сәйкес дара басшылық және алқалық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылып жатыр. ЖОО-дағы басқару органдары олардың үйімдік-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарай бақылау көңесі не месе директорлар көңесі, құрылупы заңнамага қайшы келмейтін өзге де басқару органдары болып табылады. Тиісінше, заңнама жоғары оқу орындарын басқару органдарының түрлерін таңдауда шектемейді. ЖОО 100% мемлекеттің қатысуымен КЕАҚ болып қайта құрылды. КЕАҚ — өз қызметінің негізі мақсаты ретінде табыс алушуды көзделмелейтін және алынған таза табысты бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес үйім. Барлық алынған табыс жоғары оқу орынның дамытуға, атап айтқанда зертханалық базаны жабдықтауға; оқытушылардың жалақысын арттыруға; жоғары оқу орынның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады. Мемлекеттің 100% қатысуымен жұмыс істейтін барлық жоғары оқу орындарында директорлар көңесі құрылған, құрылымы мен штат саны бекітілген.

Жоғары оқу орындарының КЕАҚ-қа көшүй жоғары білім берудің барлық жүйесін дамытудағы жаңа кезең деп айттымызға болады. Академиялық дербестік студенттердің

сапалы білім алуға тың серлін туғызғаны атап өтіміз керек. Сондықтан да жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруды Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Соңғы жылдарды жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім айтартылғайтай қолжетімді. Бакалавриат бағдарламаларына бөлінген грант саны есті, магистратура, докторантураға белінегін грант саны артты. Бүгінгі таңда дайындықтың педагогикалық бағыттарына, инженерлік, өңдеу және құрылым салаларына, IT бағыттарына ерекше көңіл бөлінді. «Рухани жаңыру» бағдарламасын іске асыру шенберінде 2017 – 2020 жылдарды қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту жөніндегі «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылды. Аударылған оқулықтар «Философия», «Мәдениеттану», «Экономика», «Педагогика және психология», «Әлеуметтану», «Тарих», пәндерін оқыту кезінде базалық әдебиет ретінде қолданылады, бұл «Мәңгілік ел» жалпылттық идеясын, креативті және инновациялық дағдыларды дамытуға бағытталған жаңа білімді алуға мүмкіндік береді. Біздін еліміздің жастарына тәрбиелі, бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Еліміздің ертеңі, мемлекеттіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Елдің ертеңге деген сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Біздін еліміздің жастары тәрбиесі мен білім мықты болса еліміздің болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Д. БЕКЕЖАНОВ,

Құқық және экономика жоғары мектебінің құқық саласы бойынша білім беру бағдарламасынан қауымдастырылған профессор м.а. философия докторы (PhD).



ЖАЗФЫ «ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТ» ЖАРЫСЫ ӘТТИ

Салауатты өмір салты – бұл ең өүелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенділік іс-әрекет. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Біздің де негізі мақсатымыз жас үрпақты дене сау, сымбатты, шынықсан, бәсекеге қабілетті, адамгершілігі мол азamat етіп тәрбиелу. Соның бір шарасы жылдағы дәстүр бойынша Президенттік тест жарысын

ұйымдастырып өткізу.

Университет Спортклубының жоспарын сәйкес I.Жансүгіров атындағы Жетісү университеттің стадионында, профессорлық-оқытушылар құрамы, қызыметкерлері мөн студенттері арасындағы жазғы «Президенттік тест» жарысы әтті. Жарысқа барлық жоғары мектеп оқытушылары мен студенттері қатысты. Жас ерекшелігінде қарай ерлөр З шақырымаға, әйелдер 1 шақырымға жүгірді.

Бетті дайындаған Эйгерім ИЕБЕКОВА.

DАЛА ДАНЫШПАНЫ
ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН
БҮЛ ЖАЛҒАНДА
ӘЛМЕЙТІН ЕКІ-АҚ НӘРСЕ БАР
ДЕПТІ. ОЛ ЖАҚСЫНЫң АТЫ
МЕН ФАЛЫМНЫң ХАТЫ ЕКЕН.
САНАЛЫ ФҰМЫРЫН
ФЫЛЫМФА АРНАП, ҚҰНДЫ
ДУНИЕ, ӨШПЕС МҰРА
ҚАЛДЫРҒАН ФҰЛАМА
ФАЛЫМДАР, ҰЛАҒАТТА
ҰСТАЗДАР, КЕМЕЛ ТҮЛҒАЛАР
АЗ ЕМЕС. МЕН СОЛАРДЫң
ҚАТАРЫНА ҮЗДІКСІЗ
ІЗДЕНІС ПЕН ЖАНКЕШТІ
ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ
ӨЗ ҚОЛТАҢБАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРЫП,
ҚАНШАМА ШӘКІРТ
ТӘРБИЕЛЕГЕН ҚӨРНЕКТІ
ФАЛЫМ, ФИЛОСОФИЯ
ФЫЛЫМДАРЫНЫң
ДОКТОРЫ - АМАНЖОЛ
ҚАСАБЕКТІ ҚОСАР ЕДІМ.

Фалымның жетекшілігімен философия мамандығы бойынша отыздан астам ғылым кандидаты мен серіз ғылым докторы даярланыпты. Ол екі жүзден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы.

Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Қоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Балтика педагогикалық академиясының (Санкт-Петербург) құрметті мүшесі, I.Жансуғиров атындағы Жетісу университетіндегі Құрметті профессоры.

Аманжол Қасабекұлы ғылым жолына көздейсоқ келген жоқ. Үздіксіз ізденіс пен ерен еңбегінің арқасында 1991 жылы профессор ғылыми атағын алды.



ҚӨРНЕКТІ ФАЛЫМ, ҚӨШЕЛІ ҰСТАЗ

Әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік таным бірлігіне арналған монографиясы 1987 жылы жарық көріп, ғылыми қауымның жоғары бағасына ие болды. Бұл орайда Аманжол Қасабекұлы жеткен жетістікпен тоқтап қалған жоқ, 1984 жылдан 1991 жылға дейін Алматы шетел тілдері институты мен сөөзлет-құрылыс институтында кафедра менгерушісі қызметін атқарды. Сол институттың партком хатшысы, Алматы облыстық партия комитетінің мүшесі болды.

1991 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және саясаттану факультетінің деканы, кейінірек оқытушылардың біліктілігін артыру институтының директоры, ҚазМУ-дың

проректоры қызметін атқарды. Сонымен бірге қазақ және шетел философиясы тарихы кафедрасын үйімдастырып, оның тұңғыш менгерушісі болды. Осы қызметтерде Аманжол Қасабекұлының үйімдастырушылық қабілетінің жоғары екені көріне бастады. Өзінің жайдары мінезі, адамдармен қарым-қатынас жасай білуі, біліктілігі арқасында факультет үжымын қазіргі кездегі философия және саясаттану, психология, әлеуметтану ғылымдарының өзекті мәселелерін студенттерге, аспиранттарға оқытуды жоғары деңгейге жеткізді.

Аманжол Қасабекұлының ізгі қасиеттерінің бірі - үлкен-кіші деп талғамай, кез келген адамды зор ықыласпен тыңдай білуінде. Жалпы, бұл барлық ұстазға керек қасиет. Мұны хакім Абай: «Бір жерде бірге жүрсөң басын қосып, Бірінші бірің сөйле, сөзін тосып» деп, керемет айтып кеткен.

МЕН ОҚЫҒАН БІР КИТАП**Шертпеге
күйдің анасы**

Күй өнері десе, есімізіге бірден Дина мен Құрманғазы, Тәттімбет оралады. Бірақ қазақта жүректің қылын шерттеп сырлы шертпелері мен елдің мұңын қозғап, қолынан қуат кеткенше домбырасын тастамаған күйшілер аз емес екен. Солардың бірі – шертпе күйдің анасы атанған Аққызы Ахметқызы. Этнографжашуы Ақселеу Сейдімбектің Аққызы повесі – оқырманды ой-сезімдерге жетелейтін, көркем тілмен өрнектелген шынайы шығарма.

Қысқаша баяндар болсам, Аққызы апамыздың азан шақырып қойған аты – Мүгілсін. Жаратылышынан сұлу болған Мүгілсін есе келе елге танымал әнші, күйші болады. Жиын-тойлардың сәнін көлтіріп, халқы оны Аққызы атап кеткен екен. Елі оны «Жеңстандай әнші Аққызы», «Күйші Аққызы» деп жоғары ілтиптепен атайдын болған. Аққызы (Мүгілсін) Ахметова 1897 жылы қазіргі Жезқазған облысының Балқаш

шығады. Тұрмыс құрганнан кейін Аққыздың өнерді ары қарай жетілдіруге мүмкінді болмайды. Ата-анадан айырылып, жат елге кеткеннен кейін «Жетім қызы» күйін шығарады. Аққызы өже болғанда «танымал домбырашы» атағына ие болады. Оның жалғыз ұлы Тілеужан да күйшілік өнерден алыс болмаған.

Он жетінші жылғы төңкерістен кейін ұжымдастыру, тәркілеу сияқты сасын әлеуметтік шаралардың бір ұшы Аққызы апамыздың отбасына өз кесірін тигізеді. Сол кездің өзінде-ақ әйгілі «Зар Қосбасар» күйін шығарған Эбди Рысбекұлы 1931 жылы домбыра тартқаны үшін атылады. Осындағы сүмдіктың көрген апамыз домбыра көрсө шошынатын күйге түседі. Кейіннен атылғандар ақталған тұста домбырасын қолына алып, өлгөні қайта тірілгендей болады. Оның «Жетім қыздан» бөлек, «Қосбасар», «Қайран елім», «Мұнды қызы» деп болған жылордада оның арасына көнінен тараиды.

Шығармада басты кейіпкер Аққызы бейнесі арқылы қазақ даласында қыз бала тек қалыңмалдың құрбаны ғана емес, сонымен бірге ел басқарған дана болғанын көреміз.

Повесті оқи отырып ұлттымыздың кие дарыған күйшісін ұлықтау, мұраларын сақтау, күйлөрін насиҳаттау біздің парызымыз деп ойладым.

Салтанат НҰРБОЛАТ,
ЖҚ-412 топ студенті.



Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Аққызы

каласына жақын Қоңырат өнірінің Есалы деген жерінде дүниеге келген.

Арқаның күйшілік дәстүрінде тәрбиленген Тәттімбеттің дәстүрін жалғастырған. Жастайынан күйшілік өнерімен қатар, әншілікті де менгерген.

Аққызы 9 қыздың ішінде ерекше отбасында бұла болып, еркін еседі. Әкесі өнерге жақын болғандықтан қызы да күйшілердің ішінде, өнердің айналасында жүреді. Аққызы апамызды бойжеткен кезінде сырттай құдандаласып жүргендегер көп болады. Сол кезде барлық қазақ қыздары секілді Аққызы да өз қалауынсыз қалыңмал беруші елге үзатылып, Қебай деген жігітке тұрмысқа

АЛДЫМЕН АНА ТІЛІМІЗДЕ...

Қазір халық арасында әлеуметтік сауалнама жүргізудің қажетлілігі аз. Қөшшілік «инстаграм», «фейсбук» сияқты әлеуметтік желілерде тақырыпты еркін талқылап, өз ойларын ашық айтады. Тіл мәселеісі сөз болған тұста бұғып қалмай «Алдымен ана тілімізде... бізге орыс тілінің не қажеті бар?» деген сыйайлы пікір білдірушілер көп. Бұл ешқандай да «тілдік дискриминация» емес, қайта өз ұлтына, ана тіліне деген он көзқарас қалыптастып, өз тілін өгейсінбейтін, сауатты жастардың көбейгендігін көрсетеді. Қазақстандық өзге этнос екілдері де қазақ тіліне емеурін танытады. Оны да әлеуметтік желілерден көріп жүрміз.

Бүгінгі жастар ақылды, әлемнің кілті – ағылшын тілінде екенін жақсы білім алған. Елімізде ағылшын тілін жетік мәнгерген, алыс-жақын шет елдерде білім алып келген жастар қатары өсуде. Жайлы өмір іздел мұхит асып өзге ұлттық мұддесі үшін қызмет етіп жүрген білімді, дарынды жастарымыз қаншама? Қазақстан сияқты дамушы елге қара бастың қамынан гөрі ұлттық мұддеге қызмет ететін білімді жастар көрек. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыратын кез келді.



Тек ағылшын тілінің емес, қазақ тілінің де ғылыми көюкиегін көңейттін инженер, технолог, биолог сияқты білікті мамандар аудай қажет. Біз – дамудың даңғыл жолына, өркениеттің биік шыңына ұлттық болмысымыз берін тілімізді қатар алып шығумыз көрек. Өйткені, кез келген ұлттың тұғыры да, ғұмыра да – тіл.

Қазіргі жаһандану дәуірінде өрбір ұлт өзінің болашағы үшін алаңдап отыр. Тіпті мүйізі қаралғайдай Қытай мен Ресейдің өзі қазақ мектептері мен сыныптарын жаппай жауып жатыр. Ресейдегі миллионға жуық қандасымыз қазақ тілінде білім ала алмай отыр. Себебі олар орыс тілінің аясы тарлып барады деп дабыл қағуда. Орынды. Өйткені, Ресей – титулдық ұлттың халық

**Мен кіммін?**

Мен қасық қаны қалғанша аянаған, осынау ұлан байтақ өлкे үшін жаңын өлімге қиған тектілердің үрпағымын. Мен кешегі өлім деп еміренген, жерім деп тебіренген батырлардың жалғасымын. Өз байлығын өзгеге сатып, онай олжага бөлөнген, қара құш болса да «жұмыссызбыз» дейтіндердің арасында өмір сүрудемін. Өзімді өзім танумен көлемін. Мен жаратылыс бойыма дарытқан тіл шебері болуға асық болашақ журналиスピn. Алла басыма сынақ қылыш берген әр ауруға жас та болсам, қасқайып қарсы тұрып, 4 отаға шыдаған батыл қызыбын.

Білесіз бе? Адам өмірге шыр етіп келіп, ата-анасының, туыс-жақынының көз-қуанышына айналады. Кейін өмірдің әр түрлі соқпақ жолдарында адасып, талып, сүрініп, сөсін есі кіреді. Сол уақытта ол біреу үшін жаман, біреу үшін надан адамға айналады. Ал мен сүрінсем де, талсам да, түзу жолдан таймауга тырысып жүрген пөндемін.

Жасым өсіп, ақылым толысқан сайын өзім мен кіммін, қоғам үшін не іstedім деген түрлі сұрақтарды қойып, жауап іздел келем. Шынтуайтында, мен әлі өзіммен алыс, өзімді дамыту, іздену үстіндеймін. Мені ерекшелейтін, бойтұмарыма айналған жан мен тән сұлұлығы өшпесе деймін. Мен қазақтың аяулы қызымын.

**Бақыт үлкен
болмайды**

Себі дүниеге шыр етіп келіп, ата-анасын бақытқа бөлейді. Өссе келе ержетіп, жетістіктерімен айналасындағыларға қуаныш сыйлайды. Біреулер үшін бақыт – байлық, мансап, ақша. Біреулер үшін- денсаулық, рухани қасиеттер, сезім, махабbat, ғашықтық. Ендігілер үшін бақыт – егемендік, тәуелсіздік, бостандық. Ал сіз үшін бақыт деген не? Ойланып көрдіңіз бе?

Жоғарыда айтылғандар әр адамның көкейтесті ойындағы дүниелері. Менінше, бақыт – жан дүниемінің өсіп-өркендеп, кемелденудің шырқау шыңына жеткені. Қаралайым тілмен: арман мақсаттарыма әділетті түрде жету, сиртқы тәнім мен ішкі жан дүниемінің байланыс тауып, айналама жылулық сыйлау. Ақын Қадыр Мырза Әлі:

Бір құдірет бізді өмірге жолдайды.

Біз өмірді түсінбейміз,

Сол – қайы.

Туа сала таудай бақыт құтеміз,

Ал шынында бақыт үлкен болмайды – деп жырлаган екен.

Өлшеуіл ғана өміріңіздің өрбір сөтін қуанышқа, бақытқа толы өткізу – өз қолыңызда!

Арайлым МҰХИТҚЫЗЫ,
ЖҚ-111 топ студенті.



саны еспейтін ТМД-дағы жалғыз ел. Орыс ұлттының табиғи есімі жыл санап қысқаруда. Көрініше, Ресейдегі өзге ұлттардың саны артып келеді. Сондықтан да орыс тілін өмірдің барлық саласына мәжбүрлеп енгізу саясаты жүзеге асырылуда. Тіпті орыс тілін ілгерілету жөнінде халықаралық үйім құрылышы, 2023 жыл ТМД-дағы ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде «Орыс тілі жылы» деп жарияланды. Демек, біз дүниенің асылы санайтын орыс тілі бүгінде қамқорлыққа зәру. Эзіrbайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Грузия сияқты бұрынғы посткенестік елдердің жастары орыс тілін жетік білмейді, өйткені олар ол тілге мұқтаж емес.

Ал бізде қалай? Елімізде байбағландардың балалары оқытын жекеменшік, мықты мектептердің дені орыс тілінде. Ол мектептер орыстілді қазақ әлізитасын даярлап жатыр. Бізге әлемдік бәсекелестікке түс алатын әлізиталық Үлттік мектептердің санын көбейту көрек. Осы орайда, мемлекет тараپынан қазақ мектебіне басымдық беріп, қазақ мектебін ашқысы келетін қасіпкерлерге қолдау таңтаса иғі болар еді.

Әйгерім ИЕБЕКОВА.

Есөнабылов Илияс Жансеркеұлы 1973 жылды 11 ақпанды Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылында дүниеге келді. 1990 жылды Дәнеш Рақышев атындағы мектеп интернатының математика және физика пәндерін тереңдеміп оқытатын сыныбын бітіріп, И.Жансуғиров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінің «математика, физика және химия» мамандығына тусти.

1995 жылды үздік дипломмен бітіріп, ЖМУ-дың теориялық физика кафедрасына оқытушы ретінде қабылданды.

1996-1997 жылды Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінде стажер-зерттеуші,

1997-2011 жылдары ЖМУ физика және ФОӘ кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті болды.

2005-2012 жылдары физика-математика факультетінің деканының тәрбие жұмысы, оқытушылық жұмыстары жөніндегі орынбасары және ЖМУ қызылдау комиссиясының жауптты хатшысы, ал 2012 жылды ЖМУ Ақпараттық ресурстар қорталығының директоры қызыметтерін атқарды.

2012-2019 жылдары жаратылыстану-техникалық факультетінің деканы,

2019-2022 жылдар аралығында техникалық ғылымдар жогары мектебінің деканы.

Қазіргі кезде жаратылыстану жогары мектебінің деканы қызыметін атқарып жүр.

Оның баспадан шыққан 115 мақаласы, 4 оқу-әдістемелік құралы, 5-оқу құралы, 3-монографиясы, 6-өнер табыс патенті бар.

Ол Талдықорған қаласы әкімінің, Алматы облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, И.Жансуғиров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 45-жылдығына



Жоғарыда жазылған Илияс Жансеркеұлының өмірбаяны мен өткен өмір жолдарын саралтасақ, онда оның өз қатарынан көш алды озып, маңдай терімен және қайтлас қажырлығымен еңбектік мөуелі жеміс бағына енді ғана кіргенін байқаймыз.

Илияс Жансеркеұлы, қаламыздағы Дәнеш Рақышев атындағы мектепті үздік бітіріп, университетімізге оқуға түсіп, студент атанған сәтте, сол кездегі ректор, профессор марқұм Жомарт Жапаровтың «Біздің университетіміз Илияс Бақаңың атында, сондықтан сен де атына сәйкес үздік оқытын бол!», деп айтқан ақ тілегін өзінің жаңа білім мен ғылымға аашылған

аттестациялардан мудірмей өтуіне ат салысып, абыраймен шықты.

Расын айту керек, біздің «инемен құдық қазғандай» қажырлы да жауапты жұмысымызда шиеленісті жағдайлар кеп болады. Осы тұста Илиястың дауыс көтеріп, еркекіректеніп жатқанын көргөніміз жок. Бұл адамға қанмен берілетін қасиет. Экесі мен анасын жақсы білетінмін. Тұған ауылы – қазақтың маңдайына біткен жарық жүлдзызы Шоқан атындағы колхоздың ірге тасын қалаған қарапайым еңбек адамдары еді.

Белкім, Илиястың ерекше дарындылығына себеп болған тұған ауылының көркем табиғаты: мұзбалық Матаі тауымен содан ақкан мөлдір бұлақ пен шүйгін жайлайышығар.

Рұханиң сәулеткөр

орай И.Жансуғиров атындағы медальмен, ҚР 2020 жылды үздік оқытушысы медалімен, Жетісу университетінің 50-жылдығына орай мерекелік медалімен, ҚР білім саласын дамытуға қосқан үлесі, абровлы өңбейі мен адаптызметі үшін ҚР ғылым және жогары білім министрлігінің құрмет грамотасымен маралтатталды.



жолына арналған ақ батадай мақтаныш тұтады. Илиястың студенттік жылдары біздің білім қара шаңырағының статусы нығайып, есіп, еркен жайып келе жатқан уақытында өтті.

Оның білімге деген құштарлығын, қындықтан қайтпайтын жігерін сол кезде алғаш рет байқадым. Кандидаттық диссертацияның қорғап, жан жары Айғул екеуі жас үстаздар қатарына қосылып, алғашқы табыстарымен біздерді қуанта бастады. Илиястың ерекше тамаша адами қасиеттерін кейінірікте жете біле бастадым. Ол өзіне қоғамдық және әкімшілік тарапынан жүктелген тапсырмаларға мейілінше жаупттылық пен ұқыптылық таныттын. Факультет деканы қызыметіне тағайындалғанда, ол ең алдымен студенттердің мұн-мұқтажы мен оқу үлгерімін, сонымен қатар оқытушы-профессорлық құрамының көсібі біліктілігін арттыруға жан тәнін сала кірісті. Факультет құрамындағы барлық мамандықтарды мемлекеттік және халықаралық дәрежедегі

Уақыт зымыран тәрізді, адамға бағынбайтын өз заңдылығы бар. Міне, бүгінгі 50 жасқа келген шәкіртім Илияс Жансеркеұлы – қазіргі таңда майталман ұстаз, білікті маман, көрнекті ғалым, өз ісінің шебері. Кішігө де, үлкенге де үлгі болатын аса қадірлі жан.

Ол үлгілі отбасының тірегі. Аяулы жары Айғұл еліміздің «Жоғары оқу орнының үздік ұстазы-2021» конкурс женімпазы, арамыздағы беделді әріптесіміз. Ұлы Айса мемлекет қызыметкері, шаршағанда жан ши-пасы болатын немерелері есіп келеді.

Мерейлі жас иесі Илияс шәкіртіме айтарым – Ұлық болсаң, кішік бол деген ҳалқымызыңдана сөзін жадыңнан өшірмегейсің. Елу жас – ер азаматтың алғашқы қамалы, алар асуларың өлі алда. Ғылым жолында мандай тәрінді аямай төгіп, тамаша женістерге шәкірттеріңмен бірге жетуіне шын жүректен тілектеспін. Өзіңің киелі орта – жаратылыстану жоғары мектебі ниеттес. Жұлдызың сөнбесін, жарқырай бер!

А. РАХЫМБЕКОВ,
Техникалық ғылымдар
жоғары мектебі, ф-м.ғ.к.,
қауымдастырылған профессоры.

СЕҢІҢ ЗАМАНДАСЫН

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМ ҰСТАУФА ҚАДАМ ЖАСАДЫМ

ИЛИЯС ЖАНСУГИРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫП, БІЛІМІМЕН КӨЗГЕ ТҮСІП ЖУРГЕН АЛҒЫР Да ЕҢБЕКҚОР СТУДЕНТТЕР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІНІҢ СТУДЕНТТІК ДЕКАНЫ, ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДЫҒЫНЫҢ З КУРС БІЛІМГЕРИ ЖАНЕЛЬ ҚАНАТАЙМЕН СҮХБАТТАСҚАН ЕДІК.

– Жанель алдымен өзінің және туылпескен жерінің жайлы айтсаңыз?

Мен айдынды Алакөлдің жағасында орналасқан ауасы саф, табигаты көркем. Қектүм ауылының тұмасымын. Анам мұзыка саласының көсібі маманы, дәстүрлі әншілік жолын жалғастырып жүргендіктен мениң де кішкентаймнан өнерге баулыды. Яғни, бала кезінен Мәдениеттің үйінің сахнасында бой көрсетіп, көпшілік алдына шығып, сахна мәдениеттің, өнердің қасиетін сезініп естім. Мектепшілік және аудандық ән байқауларынан қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. 2-сыныптан бастап домбыра үйірмесіне қатысып, оркестрлік құрамда ойнадым. Мектепшілік жайдарман ойындарында екі мәрте үздік

онынши атандым. Соңдай-ақ көпшілік мәдени іс-шараларда жүргізуілік қырымды көрсете отырып, болашағыма жол аштым.

– Бала кезден өнерге жақын болыптыз, не себепті журналистика саласын таңдаудыңыз?

– Оқушы кезімде ауылдық кітапхананың белсенді оқырманы болғаным бүгіндеге сөз саптауга, тіл байлығымды арттыруға ықпал етті. Ең алғаш танымымды ашқан кітаптың бірі – Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» шығармасы. Жасөспірім шағымнан ақындықта жақын болғандықтан, қыннан қызыстырып өлең шығарғанымын. Поэзия әлемімен байланысын тапқан мениң болмысым өлеңді мәндерлеп оқып, көпшілікке мәнін жеткізе білді. Поэзия әлемінде қызығушылығыма арқау болған



Мұқағали Мақатаевтің шығармалары. Балалық хоббиим мән әрекеттерімді бүгінде Журналистика мамандығымен ұштасырып жатырымын. Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың қолдауышы атану басты мақсатым.

Осы тұста, аудандық «Жаңа өмір» газетінде (қазіргі «Алакөл») атам Нұрбеков Қанатай тұрақты тілшісі ретінде қызыметтік атқарғаның айтпай кетуге болmas. Отбасымында жалғыз мен осы мамандықты таңдалап, атамның жолын жалғастыруды жөн көрдім. Мамандықты теледидарда сайрап, радиода сөз тізгінің қайрап отыру үшін емес, көптің тілі, тіреу әрі тілегі болу үшін қарымдық қалам ұстауда қадам жасадым.

– Гуманитарлық жоғары ғылымдар мектебі үйімдастырыған түрлі шараларда белсенді болып, топ жарып жүргенізіді байқағанбыз.

– Университет қабырғасында белсенді сту-

